Бір күні ол бастығының нұсқауымен кезекті бір тапсырманы орындамаққа жолға шықты. Оған жүктелген міндет – бір затты алып, бір жерге апарып тастау. Оңай тапсырма. Бірақ бастығы кешікпеуін қатаң тапсырған. Діттеген жерге 15 минут ерте барған Тұрсын не зат екен деп ойланған да жоқ. Сөйтсе оралған қағаз екен. Бір бума. Сыртынан қарағанда ақша секілді. Бірақ оны ашуға, көруге болмайды. Тек алу керек, апарып беру керек. Тұрсын бұл міндетті орындады да бастығына баяндады. Кейін затты қабылдап алған адамның жемқорлық фактісі бойынша тұтқындалғанын естігенде тізесі дірілдеп, маңдайынан ыстық тер ыршып түсті. Ол қауіппен бетпе бет келген екен. Артынша бастығы да істі болып, сотталып кете барды.

Жемқорлыққа қарсы жұмыстар ауданымызда, оның ішінде білім беру саласында жүйелі жүргізілуде. Әрбір мектепте арнайы стенд орнатылған, ақпараттық тақталар әзірленген. Ұстаздар сабақ барысында және сабақтан тыс уақытта оқушыларға әркез жемқорлықтың зиянын, ел дамуына тигізетін кері әсерін айтып, түсіндіріп келеді. Оқушыларға жемқорлықтың заңда қылмыс, салт-дәстүрімізде күнә болып табылатын жат әдет екенін ұғындыру – біздің басты мақсатымыз. Сондықтан әрбір саналы адам жемқорлыққа қарсы болуы қажет.

Қорытындылай келе, айтарым сыбайлас жемқорлық елдегі бар жұмысты құрдымға кетіреді. Мысалы, бір адам оқу оқып, дипломын сатып алса, ертең ол маман болғанда өз жұмысын дұрыс білмей, қоғамға зиянын тигізеді. Сіз ауырып, ем алуға дәрігерге барсаңыз, ал ол дәрігер дипломын сатып алған сауатсыз маман болса, сізге дұрыс ем-дом жүргізбейді. Нәтижесінде ауыруыңыз асқынып кетуі мүмкін. Керісінше өз білімімен диплом алған жақсы маманға жолықсаңыз, онда жолыңыздың болғаны. Ол үшін білім саласындағы жемқорлықты жою жұмысын барынша күшейту керек. Әр маман өз саласының кәсіби шебері, білгірі болуы қажет. Сондай-ақ жемқорлықпен тапқан табыстың берекесі болмайды. Жемқорларды соттап, түрмеге қамау жұмысы қарқынды жүргізілуде. Айналамызда болып жатқан қорқынышты қылмыстардан сабақ алғанымыз дұрыс. Сыбайлас жемқорлықпен күрес – ортақ міндетіміз.

Халданова Камила Еркінбайқызы

Айта кету керек, бұзылған құқықтар мен әлеуметтік әділеттілікті қалпына келтірудің маңызды құрамдас бөлігі залалды өтеу және активтерді қайтару болып табылады.Осы ретте биыл аяқталған істер бойынша 195 млрд теңге өтелген. Ал 2,5 жыл ішінде Қазақстан халқына 1,07 трлн теңге қайтарылған. Агенттік халықаралық құқық қорғау желілерімен – БҰҰ жанындағы GlobE, Эгмонт, CARIN және ARIN тобымен белсенді ынтымақтастық орнатқан. Нәтижесінде шетелдік серіктестермен ақпарат алмасу айтарлықтай жеделдетілген. Бүгінгі таңда Агенттік жемқорлыққа қарсы ведомстволармен 13 меморандум жасаған. Оның төртеуіне биыл қол қойылған.

– Әкімдіктердің, квазимемлекеттік сектордың және құқық қорғау органдарының қызметкерлері жемқорлыққа барынша бейім. Жемқорлық тәуекелдері жоғары салаларға білім беру, ауыл шаруашылығы, денсаулық сақтау және әлеуметтік қамсыздандыру жатады. Анықталған қылмыстарды жасауда 592 адам әшкереленді, оның ішінде 107 басшы. Олардың ішінде бұрынғы министрлер, вице-министрлер, комитет төрағалары, облыстық деңгейдегі мекеме басшылары бар, – деді Асхат Жұмағали.

Қазіргі таңда түрлі салалардағы жемқорлыққа қарсы іс-қимыл, цифрлық құралдарды енгізу, жоспарланған заңнамалық өзгерістер, қылмыстық процесте адам құқықтарының заңдылығын және қорғалуын қамтамасыз ету мәселелері қоғамда кеңінен талқылануда. Талқылау барысында пікір алмасып, қабылданып жатқан жемқорлыққа қарсы шараларды жетілдіру бойынша бірқатар ұсыныстар айтылып келеді. Негізгі бағыт жемқорлыққа қарсы ымырасыз күрес, оның алғышарттарын жою, жазаның бұлтартпастығын қамтамасыз ету, заңсыз шығарылған активтерді қайтару және бизнесті жемқорлықтан қорғау болып қала береді. Сондықтан жергілікті жерде біз де сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұрып, қоғам дертімен белсенді түрде күресуіміз керек.

қалыптастыруымыз қажет. Бұл – қазіргі аса күрделі геосаяси ахуал кезінде өте жоғары кәсібилікті талап ететін дипломатияның міндеті» деген сөзі дәлел бола алады.

Елімізде жемқорлықпен, жемқорлармен күрес жұмысы бір сәтке де тоқтап жатқан жоқ. Мәселен, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет биылғы жылдың алғашқы жартыжылдығында 592 адамның қылмысын әшкерелеген. Агенттік Төрағасы Асхат Жұмағали кеңейтілген кеңесте жасаған өз баяндамасында Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат тұжырымдамасының іске асырылуы, азаматтардың өмір сүру сапасын жақсартуға және елді дамытуға бағытталған қабылданып жатқан шаралар, сондай-ақ Мемлекет басшысының бірқатар тапсырмаларының орындалуы туралы хабардар етті.

– Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметтің алдын алу жұмыстары аясында ағымдағы жылы 113 талдау мен мониторинг жүргізілсе, білім, ғылым және спорт саласында маңызды талдаулар аяқталды. Барлық талдаулар бойынша Президент Әкімшілігінің бақылауындағы Тәуекелдерді жою туралы жол карталары әзірленді. Бизнесті қорғау шеңберінде Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет «Бизнеске жол» жобасын іске асыруды жалғастыруда. Ағымдағы жылы 84 проблемалық кейс шешілді, 9,5 мыңға жуық кәсіпкердің құқықтары қорғалды. Жыл басынан бері 876 қылмыстық құқық бұзушылық тіркелді. Оның едәуір бөлігі парақорлық, жымқыру және лауазымдық өкілеттіктерді теріс пайдалану болып табылады. 592 адамның қылмысы әшкереленді, оның 107-сі әртүрлі деңгейдегі басшылар. 329 адам сотталды, – деген Агенттік төрағасы жұмыстың негізі қылмыстық топтарды, жоғары лауазымды тұлғалардың қатысуымен тұрақты схемаларды әшкерелеуге, жүйелі жемқорлықты анықтауға байланысты сандық емес, сапалық көрсеткіштерге бағдарланғанын жеткізді.

Порок

Сыбайлас жемқорлық – қоғам дерті

Жемқор. Сыбайлас. Қылмыскер. Бұл ұғымдарды есту қандай ауыр, қиын әрі қорқынышты болса, жемқорлықтың, сыбайластықтың соңы қылмыспен ұштасып, елдің дамуына кері әсер ететіні де соншалықты ауыр. Сыбайлас жемқорлық елдің дамуын тежейтін бірден-бір фактор. Өйткені жемқорлық жайлаған елде тәртіп те, тазалық та, береке де болмайды.

Мемлекет басшысы биылғы Жолдауында да, бұдан бұрын жасаған мәлімдемелері мен үндеулерінде де сыбайлас жемқорлықпен күрес ортақ міндет екенін айтып келеді. Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Әділетті Қазақстан: заң мен тәртіп, экономикалық өсім, қоғамдық оптимизм» атты Қазақстан халқына Жолдауында «Азаматтардың бойында жаңа әдеттер, дағдылар қалыптасып, жаңа құндылықтар орнығуда. Саяси және қоғамдық болмысымыз, менталитетіміз және мәдени кодымыз өзгере бастады. Адал әрі табанды еңбегімен табысқа жеткен адамдар қашанда құрметті, сыйлы болуы керек. Бұл біз ұсынып отырған «Адал азамат – Адал еңбек – Адал табыс» қағидатына толық сай келеді. Бір сөзбен айтқанда, біздің қоғамда еңбекқорлық, кәсібилік сияқты қасиеттер өте жоғары бағалануға тиіс» деп ерекше атап өтті.

Расында да біздің қазіргі таңдағы негізгі мақсатымыз – әділетті қоғам құру және соның арқасында дамудың сара жолына түскен озық ел болу. Сондықтан мемлекет осы бағыттағы маңызды реформаларды жалғастырады. Оның ішінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұру мақсатындағы жүйелі жұмысты тоқтамайтыны анық. Бұлай деуімізге Мемлекет басшысының «...біздің қоғамымызда заң мен тәртіп үстемдік құруға тиіс. Біз сонда ғана Әділетті, Таза және Қауіпсіз Қазақстанды құра аламыз. Осы стратегиялық мақсатымызға жету үшін еліміздің бейбіт өмір сүруіне және тұрақты дамуына қолайлы сыртқы жағдай

шабатынына көз жеткізуіміз қажет.Болашақ ұрпақ бойында ұлттық құндылықтарымызды қалай дарытсақ, сыбайлас жемқорлықтың да қияметін солай үйретуіміз қажет.Атап айтатын болсақ, мектеп табалдырығын аттаған бүлдіршендерден бастап, жас ерекшелігіне сай сынып сағаттарында сыбайлас жемқорлықтың азаматтардың болашағына балта шабатынын түсіндіру қажет. Әр тоқсанда бір рет құқықтық ашық есік күндерін жариялау, құқық апталықтарын өткізіп отырса және БАҚ беттерінде, әлеуметтік желі арқылы түсіндіру жұмыстары күн тәртібінен түспеуі қажет.Белсене қатысқан оқушылар мен модераторларды мараппаттап отырса, оқушылардың да белсенділігі артар еді.Одан бөлекЗаңды қатайтып және оның орындалуын қатаң қадағалау, сол арқылы жазалау қаупін күшейту.Мәселен, Иван Грозный XVI ғасырдың ортасында парақорлыққа тыйым салған.

Сондай-ақ 1995 жылы Ұлыбританияда Нолан комиссиясы жемқорлықтың алдын алатын 7 қағиданы қабылдаған. Олар: Риясыздық. Сатылмастық. Әділдік. Есептілік. Ашықтық. Арды, абыройды сақтаушылық. Басшылық. Міне, осы қағидалар арқылы бүгінгі таңда Ұлыбританияның сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекеттері өзінің жемісін бере бастаған. Менің мемлекетімде де осы іспеттес қағидаларды қатаң сақтасақ, сыбайлас жемқорлықтың жойылуына өз үлесімізді қосқан болар едік. Қоғам дамуының жаңа жолын таңдап, уақыттан туындаған әр түрлі кеселдермен айығуды міндет етіп қойдық.

Қорыта келгенде, осы келеңсіз құбылыспен күресу барша халықтың алдында тұрған ортақ мәселе. «Тура биде туған жоқ, туғанды биде жан-жақты деп қара қылды қақ жарып, турасын айтып, дамыған мемлекет қатарына жетуді көздеп отырған жақта қалып-парасат биігінен көрінуге тиіспіз.

Мен, Қазақстан Республикасының ұлтжанды азаматымын деген патриоттарымыздың түпкі мақсаты жемқорлықты жою, заңнамаларды жетілдіру арқылы жемқорлықпен күресті күшейту және мемлекетіміздің шарықтап дамуына титтей де болса өз үлесін қосуы қажет.

Шәкәрім атамыз адалдық туралы:

Мақтан үшін мал жима, жан үшін жи.

Ғибадат пен адалдық ар үшін жи - дегендей бақыттың өзі адалдықпен келеді. Жемқорлық-індет, онымен күресу-міндет! Баршаңызды парасаттылық идеологиясын насихаттауға, жемқорлық атты зұлымдыққа белсенді түрде төтеп беруге шақырамын.

Мусаева Нұргүл Әбілханқызы

Атап айтқанда, ол үшін ең алдымен сыбайлас жемқорлыққа қарсы сана керек.Сыбайлас жемқорлық тек билік басында отырған азаматтарға ғана байланысты емес. Біздің халықта «Сыбайлас жемқорлық тек билік басындағыларға қатысты» деген түсінік бар. Жоқ сыбайлас жемқорлықпен күрес жүргізу, оны болдырмау-әрбір азаматтық парызы. Сондықтан да онымен күресті тек заң қызметкерлері ғана жүзеге асырады деп бойымызды аулақ салмай, бірлесе күресу баршамыз үшін маңызды іс. Деректерге сүйенетін болсақ бүкіл әлемді сыбайлас жемқорлық жайламаған мемлекет жоқтың қасы. Бұл туралы Қазақстан Республикасыныңс Тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаев өз сөзінде былай деген екен : «Сыбайлас жемқорлық – бұл ғаламдық мәселе, одан әлемнің бірде-бір мемлекеті, бірде-бір саяси жүйе, бірде-бір саяси тәртіп қорғалған емес».

Өкінішке орай, Қазақстанда осы көрсеткіштердің алдыңғы қатарынан орын алып отыр.Сыбайлас жемқорлықтың ауыр зардабы әсіресе қарапайым халыққа ауыр тиетіні де жасырын емес, себебі сыбайластық қолдан жасалған қосымша шығындардың есебінен бағалар шарықтайды. Нәтижесінде қарапайым тұтынушы зардап шегеді. Халықтың басым бөлігі кедейлене түседі, бай мен кедей арасында әлеуметтік теңсіздік ұлғая түседі.Осыдан келіп елдің әлеуметтік жағдайы шиеленісе түседі. Елімізде алғашқы сыбайлас жемқорлықпен күресін жүргізу туралы заңнама 1998 жылы 2 шілдесінде қабылданып, 2015 жылы 18 қарашасында Сыбайлас жемқорлыққа қарсы Заңы еңгізілді. Ия, мемлекет тарапынан қабылданып отырған заңдар мен жасалып отырған іс-әрекеттер әлі де болса жеткіліксіз.

Сыбайлас жемқорлықпен пәрменді күресу үшін халықтың құқықтық сауатсыздығын жоятын, құқықты түсіндіру жұмысының деңгейі мен сапасын арттыру керектігінің маңызы зор. Халық өз құқығын, өздеріне қарсы қандай да бір құқыққа қайшы іс-әрекет жасалған жағдайда қандай іс-қимыл қолдану керектігінің нақты жолдарын толық білулері қажет. Конституциялық тәртіпті қорғау, сыбайлас жемқорлықпен күрес аясында тиімді, бірыңғай жалпы мемлекеттік саясат жүргізу, мемлекет пен азаматтардың өмір сүруінің барлық салаларында сыбайлас жемқорлық пен оның көріністері деңгейін төмендету, қоғамның мемлекетке және оның институттарына сенімін нығайту бүгінгі күндегі басты мақсат болып отыр. Яғни пара беру де, пара алу да пайдалы болмайтындай, үлкен қылмыс ретінде саналатындай жағдай, қоғамдық сана қалыптасуы қажет. Парақорлық мемлекеттік аппараттың қалыпты қызмет етуіне бөгет болып, билік және басқару органдарының беделіне нұқсан келтіреді, заңдылық қағидаларын жоққа шығарып, азаматтардың конституциялық құқықтары мен заңды мүдделеріне қысымшылық жасайды. Парақорлықтың алдын алу, жолын кесу, ашу және тергеу жұмыстары жоспарлы түрде жүзеге асырылуы керек. Бүгінгі таңда әлеуметтік аурудың алдын алу және әшкерелеу үрдісі жылдан жылға өсе түсуде.

Ең алдымен сыбайлас жемқорлықпен күрес жүргізуді мектеп табалдырығынан бастау қажет, яғни өскелен ұрпақтың бойына осы жаман әдеттің кез келген азаматтың , одан қалды мемлекетіміздің дамуына балта

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ-ҚОҒАМ ДЕРТІ

Адал еңбекпен мал іздемек —
ол арлы адамның ісі.
Абай Құнанбаев

Ия, маған Қазақстан Республикасының азаматы ретінде өсіп , өркендеп келе жатқан мемлекетіміздің әлемнің ең дамыған елдерімен терезесі тең болып дамығанынакуә болу-үлкен бақыт. Ал, кез- келген мемлекеттің ілгері дамуы, елдің ішкі саяси тұрақтылығына және сыбайлас жемқорлықтың қанат жаймауына тікелей байланысты. Оған осы бастан тоқтау қоймаса, мемлекетте тұрақты өсіп-өркендеу болмайды.

"Сыбайлас-жемқорлық" деген "параға сатып алу", "пара" ретінде, "corruptio" деген латын сөзін алып, анықтауға мүмкіндік береді. Рим құқығында сондай-ақ "corrumpire" түсінік болған, ол жалпы сөзбен айтқанда "сындыру, бүлдіру, бұзу, зақымдау, жалғандау, параға сатып алу" деген түсінік берген де, құқыққа қарсы іс-әрекетті білдірген.

Жемқорлықтың алғаш пайда болуының тарихы тым тереңде жатыр.Ежелгі Вавилон мұрағатында - кескінін тапқан мемлекеттік қызмет жүйесіндегі жемқорлық туралы алғашқы еске алу б.э. дейінгі XXIV ғасырдың екінші жартысына жатады.

Шумерлар мен семиттер дәуірінде Лагаш Патшасы (ежелгі қала - қазіргі Ирак жерінде Шумердегі мемлекет) Урукагина шенеуіктер мен судьялардың өздерінің қызметтерін теріс пайдалануының алдын алу, сондай-ақ, патша әкімшілігі жағынан храм қызметкерлерінен заңсыз марапаттарды қорқытып алушылықты азайту, рәсімдер үшін төлемдерді азайту мақсатында мемлекеттік басқаруды құрды.

ТМД елдері арасында Қазақстан алғашқылардың бірі болып әзірледі және «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» ҚР Заңын қабылдады, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау, оның мақсаты сыбайлас жемқорлыққа байланысты туындайтын қатерлерден Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздік, қоғамдық жүзеге асыратын мемлекеттік органдардың, лауазымды және басқа да адамдардың тиімді жұмыс істеуін қамтамасыз ету. Сыбайлас жемқорлық тек құқық бұзушылық емес.

Қазақстан Республикасының заңнамаларына сәйкес, сыбайлас жемқорлық қылмыстарға негізінен лауазымды қылмыстар жатады:

-қызмет өкілеттілігін теріс пайдалану;

-билікті не қызметтік өкілеттілікті асыра пайдалану;

-пара алу, пара беру, парақорлыққа делдал болу;

- қызметтік жалғандық жасау, жалған сөз жеткізу, жалған жауап беру;

-лауазымды адамның сот үкімін, сот шешімін немесе өзге де сот актісін орындамау т.б.

Аталған іс-әрекеттер мемлекеттің тиімділігіне деген сенімді төмендетеді және ұлттық қауіпсіздікке тікелей қауіп төндіреді. Сондықтан мемлекет пен қоғам сыбайлас жемқорлыққа қарсы бірігіп, әрекет етуі керек.

қатысты көп ұсыныс әзірленді. Бұл ұсыныстар сервистік мемлекеттік аппаратты қалыптастыруға және артық бюрократиялық кедергілерді жоюға қатысты болып отыр. Мұның барлығы көрсетілетін мемлекеттік қызметтің жұртшылық үшін ашықтығы мен тиімділігін қамтамасыз етіп, заңға қайшы түрлі әрекет болмауына септігін тигізеді деп күтілуде. Жемқорлыққа жаппай төзімсіздікті қалыптастыру және оның қоғамдағы әділдік принциптеріне қайшы әрекет екенін әр адамның саналы түрде сезінуі, түсінуі маңызды.

Мемлекет басшысы Түркістанда өткен Ұлттық құрылтайда «Ең бастысы, біз мемлекеттік аппарат өкілдерінің сана-сезімін өзгертуге баса мән беруіміз қажет. Олар туған-туыстарының арасында не болмаса қоғамда абырой-беделге ие болуды емес, ең алдымен, халыққа, елге адал қызмет етуді мақсат тұтуға тиіс. «Адал азамат» дегеніміз – осы» деп атап өтті.

Жеке бастың қамынан көрі елдік мүддені биік қою адамды абырой биігіне көтерері анық. Қоғамдық санада адамшылық қасиеттер мен ар-ұждан жоғарғы идеалдарға айналғанда ғана әр адам өз басының пайдасын емес, елдің қамын ойлайтын азаматтық сана деңгейіне көтеріледі. Ол үшін рухани-адамшылық құндылықтарды адамның бойына сіңіру мен тұрақтандыруды ерте жастан бастау қажет. Мұны тәрбие, білім беру үрдісімен бірге жүргізу керек. Адалдықты адамшылықтың өлшемі ретінде бойына сіңірген адамдардың мемлекет пен қоғамға тигізер пайдасы қашанда зор. «Адал азамат» болу әр адамның өзі өмір сүріп отырған мемлекет пен қоғам алдындағы жауапкершілігін терең сезінуінен басталады.

Жемқорлық деңгейі төмен елдердің тәжірибесі бұл дерттің алдын алудағы ең басты және стратегиялық тұрғыда ең пәрменді шара – қоғамда жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру екенін көрсетіп отыр. Жемқорлық – бұл тұтас қоғам болып күресетін дерт. Бұл жалпы азаматтарымыздың, әсіресе мемлекеттік қызметшілердің саналы өзгеруі бағытында жүргізілетін кешенді идеологиялық жұмысты қамтиды. Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу шараларына қатысты бүгінде агенттікпен жасап жатқан жұмыстар сыбайлас жемқорлықтың болуына мүмкіндік тудыратын түрлі кедергіні жоюмен, оның себебінің алдын алумен байланысты болып отыр. Жемқорлыққа жол бермеу басты назарда. Бұл жұмыс тұрақты түрде жалғасын табатын болады.

Аяжан Айтмағанбетова

ашықтық, әділдік, адалдық, сыпайылық, адал ниеттілік, және адамға бағдарлану – мемлекеттік қызметтің негізгі әдептік қағидаттары ретінде белгіленді. Осылайша, қызметшілер жұртшылықпен жұмыс істеуге дайын екенін көрсетіп, өз қызметінің ашықтығын қамтамасыз етуі, халықтың сұранысына сай қызмет көрсетуі және азаматтардың өтініштерін қарау кезінде әуре-сарсаңға жол бермеуі тиіс.

Еліміздің барлық өңірінде сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға және қызметтік әдеп нормаларын бұзушылықтардың, мемлекеттік қызметке кір келтіретін тәртіптік теріс қылықтардың профилактикасына бағытталған іс-шаралар әзірлеуді көздейтін Әдеп кеңестері жұмыс атқарады. Олардың басты міндеттерінің қатарында сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін талдау және мемлекеттік органдардың сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл заңнамасын бұзу профилактикасы бойынша жұмыс қорытындыларын қарау, сыбайлас жемқорлықтың алдын алу нысандары мен әдістерін жетілдіру мәселелері бойынша ұсынымдар әзірлеу арқылы сыбайлас жемқорлықты ескерту мен оның алдын алу кіреді. Бұл бағытта, Әдеп жөніндегі уәкілдер тарапынан жан-жақты түсіндірме жұмыстары жүргізіліп, жыл басынан 17 мыңнан астам азамат пен қызметшіге консультативтік көмек көрсетілді.

Мемлекеттік қызмет және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы қолданыстағы заңнамаларға сәйкес мемлекеттік органдардың, ұйымдардың, квазимемлекеттік сектор субъектілерінің басшыларына қоластындағы қызметшілердің сыбайлас жемқорлық қылмыстарын жасағаны үшін жауаптылық қарастырылған. Сонымен қатар саяси мемлекеттік қызметші бұрынғы жұмыс орны бойынша қызметі кезеңінде өзіне тікелей бағынысты қызметшінің сыбайлас жемқорлық қылмысы үшін отставкаға кету жауапкершілігінен босатылмайды.

Электронды мемлекеттік қызметтерді дамыту – сыбайлас жемқорлықты болдырмаудың тиімді тетіктерінің бірі. БҰҰ-ның электронды үкіметті дамытудың жаһандық рейтингінде Қазақстан 28-орынға көтерілді. Бүгінде мемлекеттік қызметтердің 93 пайызы электронды түрде көрсетілуде. Бұл адам факторының болмауына үлкен септігін тигізуде. Мемлекеттік қызмет көрсету сапасына бақылауды жетілдіру аясында проактивті мониторинг жасау арқылы құқықбұзушылық болған жағдайда заңдылықты орнату тәжірибесі басталды. Жүргізілген мониторинг өңірлерде алты жүзге тарта негізсіз бас тарту және толық жауап жолдамау фактілерін анықтап, қызмет алушылардың құқығы қорғалды.

Мемлекеттік аппарат қызметінде бюрократияның орын алуы оның тиімділігін төмендетіп, сыбайлас жемқорлық тәуекелін тудыруы мүмкін екендігін ешкім жоққа шығармайды. Президенттің мемлекеттік аппараттың қызметін бюрократиядан арылту жөніндегі шаралар туралы Жарлығына сәйкес агенттікпен жүргізілген мониторинг және талдау нәтижелері бойынша бюрократиялық кедергілерді жоюға

Сыбайлас жемқорлық – қоғам дерті

Мемлекет басшысының жыл сайынғы Жолдауында сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат туралы ұдайы айтылады. Мәселен, «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» атты Қазақстан халқына аранған Жолдауында мемлекеттік басқару ісін қайта жаңғырту жаңа кезеңдегі басым бағыт ретінде белгіленген. Мұны іске асыру халыққа әділ, адал, ашық қызмет көрсететін, адамға бағдарланған сервистік сипаттағы мемлекеттік аппарат қалыптастыруды көздейді.

Ел Президентінің тапсырмасын орындау мақсатында әлемдік тәжірибедегі жетістіктер мен мемлекеттік қызметтің мансаптық және позициялық модельдерінің ұтымды элементтері ескеріліп, елімізде мемлекеттік аппараттың жұмысын тиімді ұйымдастыру жаңаша сипатта өріс алуда. Нақтырақ айтсақ, мансаптық модельге сәйкес, іріктеудің ашық жүйесін қамтамасыз ете отырып, жас мемлекеттік қызметшіге төменгі лауазымдардан бастау арқылы меритократия қағидаты бойынша өсу мүмкіндігі, ал позициялық модельге сай жеке сектордан кәсіби мамандарды тарту тетіктері енгізіліп отыр.

Кадрларды іріктеудің ашық, әділ жүйесін қалыптастыру сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің алдын алудағы басты қадам. Осы орайда, агенттікпен мемлекеттік қызметтің барынша ашықтығын қамтамасыз ету үшін «Е-қызмет» жүйесін жаңғырту жүргізілуде. Мемлекеттік қызметке жаңа іріктеу алгоритмі әзірленіп, конкурстық рәсімді өткізу форматы қайта қаралды. Конкурстың жетілдірілген тәртібі үміткерлерге алдын ала белгіленген уақытта өтетін әңгімелесуден басқа барлық кезеңдерде әлемнің кез келген нүктесінен және кез келген уақытта конкурсқа қатысуға мүмкіндік береді. «Адами фактордың» ықпалын және сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін болдырмау үшін іріктеу кезеңдерінен өту кезінде үміткерлер туралы ақпарат толығымен жасырылып, оларға ID-нөмір беру көзделген. Бұған қоса, прокторинг жүйесі үміткерлердің тестілеу кезіндегі жасаған іс-әрекеттерін қадағалайды. Конкурс қорытындысы бойынша ең көп ұпай жинаған үміткер жеңімпаз ретінде жүйемен анықталады. Мұның мемлекеттік қызметке тамыр-таныс арқылы орналасу туралы стереотипке тосқауыл қояры анық.

Әлемдік тәжірибеде сыбайлас жемқорлық құқықбұзушылықтарға тосқауыл ретінде ротациялау институты кеңінен қолданылады. Қызметшілерді ротациялау олардың кәсіби әлеуеті мен басқару тәжірибесін тиімді пайдалануды жүзеге асырып, сыбайлас жемқорлықтың орын алу тәуекелдерін азайтады. Мемлекеттік қызмет жүйесінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың басты құралы ретінде, мемлекеттік қызметшілер үшін этикалық стандарттарды белгілейтін Әдеп кодексі қолданылады. 2022 жылы мемлекеттік қызметшілердің Әдеп кодексі жаңа редакцияда қабылданды. Онда

маймылдың қолы ашық кезде сияды екен,ал қолын жұдырықтап, жұмып алса, симайды екен. Тәттінің исін сезген маймыл жетіп келіп, қолын салып,уысына толтырып,сыртқа шығармақ болғанда тығырыққа тіреледі. Ашық күйде салған қолы жұмылған күйде сыртқа шықпайды. Тәттіге еліктірген ашкөздік жұмған қолын ашқызбайтындығы соншалық, аңшылар келгенде де, қаша алмайды. Негізінде маймылды ұстап тұрған ештеңе жоқ. Оны ұстап тұрған ашкөздігі. Қашу үшін қолындағы тағамды тастаса да болар еді,бірақ ашкөздігі оған апармады. Осы мысалдағы секілді, бізді қақпанға түсіретін нәпсіқұмарлығымыз.Маймыл секілді нәпсіміздің құрбанына, қол жеткізгіміз келген нәрсенің тұтқынына айналудамыз. Уысымызға түскендер мәңгілік қолымызда қалатындай жармасудамыз, артының не боларын ойламаймыз. Қарапайым мысал болса да,сабақ болатын рухани азық. Қателік жасау-келесі жарқын қадамдарыңа сабақ деуші еді, соны түсіне бермейтініміз өкінішті!

Даналардың сөзіне сүйенсек, әлемді өзгерткің келсе, өзіңнен баста дейді ғой. Яғни, адам өз міндеті мен жауапкершілігін білсе, құқықтық жағынан сауатты болса, бұл дерттен ада болар едік. Бұл бір адамның қолынан келмейтін жағдай, қоғам болып күресуіміз қажет.

Мәселені әріден болжаған дана халқымыз « Алтын көрсе періште жолдан таяды»- дейді. Бұл жерде шындығына келгенде, періштенің емес, көрсеқызар парақордың кейпін кешудеміз.....

Қорыта айтқанда, жемқорлықты жою үшін біріншіден,мемлекеттік басқару процесіне түбегейлі өзгерістер енгізу қажет, екіншіден, адамдар арасында дұрыс қарым-қатынас болу керек, үшіншіден, өмір сүрудің заңды жолдары сақталу керек және азаматтардың заңға деген құрметтері ерекше болу қажет. Жемқорлықтың алдын алған, болдырмауға септігін тигізген адамдардың қауіпсіздігі заңмен қорғалуы керек. Сонда ғана біз таза, қылмысы жоқ, өркениетті елдер қатарынан орын аламыз деген сенімдемін.

Гүлмира Әбдіғаппарова

жасауды көздеген. Біз өркениетті қоғам ретінде сыбайлас жемқорлыққа жол бермеуіміз керек және оны азаматтық борышымыз деп санауымыз керек. Бірақ, өкініштісі, біздің мемлекетіміз сыбайлас жемқорлық бойынша өз деңгейіндегі жұмыстарды жүргізіп отырса да,көш әлі түзелер емес.
Бұған, билік тарапынан заңды күшейтіп, жазаны ауырлату керек пе, бәлкім?
Ел қайдан гүлдейді,ұрпақ қайдан өседі, егер қылмыс азаймаса?

Ойландыратын жайт...

Әлемнің барлық мемлекетінде бұл дерт айналып өтпейді.

Бұл дегеніміз, қылмыс жалғыз ғана бір мемлекетте емес, жаһандық проблемаға айналып барады деген сөз. Сол себепті сыбайлас жемқорлық үшін жауапкершілікті нығайта отырып, жаңа заңдар мен нормаларды қатайту керек. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күреске біздің елде мемлекеттік мәртебе берілгендіктен, қоғамдық және саяси күштермен бірлесіп жұмыс жүргізілуде, бірақ жеткіліксіз.
Жалпы, парақорлықты мына әлемнен алыстату үшін бізде шынайылық, тіптен ойға алған жоспарларымызға қолжетімділік жоқ. Бұл дегеніміз не, ащы да болса шындықты мойындайықшы, өмірден есітіп-біліп жүргеніміздей, мәселен, оқу бітірген жастарға жұмыс орны жоқ, ойлағанындай жұмысқа бірден тұрып кете қоймайды. Бұның төркінінде не тұр, ол ішімізде.....біз бүкпесіз шындықты айта алмаймыз, міне, мәселе осында емес пе.....? Ойландыратын жайт.....

Осындайда демократиялық мемлекеттің көлеңкесінде қалып қоймадық па деп, тағы ойға қаласың.

Меніңше, жемқорлықтың баламасы ретінде ашкөздік, тойымсыздықты алуға болады. Қайсысы болмасын, білетініміз, жақсылыққа апармайды. Осы тұрғыда «Ашкөздіктің ақыры» деген әңгіме ойға оралады. Үнді аңшыларының ерекше маймыл аулау тәсілі бар екен. Іші босаған кокосты тесіп(немесе құмыра алып)жіп өткізіп, әлгі кокосты қазыққа немесе бір ағашқа байлап қояды екен. Содан соң кокостың тағы бір шетінен жіңішкелеп, жарықша ашып, ішіне тәтті тағам салып қояды.Бұл жарықшаға

Жемқорлықпен күрес – әрбір азаматтың міндеті

Жер бетіндегі кез-келген ұлттың өзгелерді тамсандыратындай ғажайып өмірі бар.Жалпы, адамзат баласының қай салада болмасын,тасы өрге домалап, керегесі кеңейген, былайша айтқанда, «төбедегісі келетін түгел халықпыз» Бұл сыңаржақты пікір. « Алтау ала болса» ше? Әрине, алтау ала болса, ауыздағы кетеді. Ол отбасында болсын, қоғамда болсын белең алып жатқан әлеуметтік мәселелер. Қоғамдық мәдениетті қалыптастыру оттың басынан басталады дегенге келісетін болармыз? Жалпы, елдің дамуына, көштің ілгерілеуіне кедергі келтіретін кедергілерді жіпке тізетін болсақ, ондай кемшілік көп.Соның бірі де, бірегейі деп те айтуға болады, ол-сыбайлас жемқорлық. Жемқорлық ашкөздіктен, қанағатсыздықтан, сауатсыздықтан туатын құбылыс деп ойлаймын. Осы мәселеде өзіміздің құқықтық сауатсыздығымыз себеп болса керек. «Қанағат-қарын тойғызатынын» естен шығарып жатамыз.

Тарихи деректерге сүйенсек, біздің ата-бабаларымыз «бармақ басты, көз қысты» дүниелерден аулақ болып, шындық үшін күрескен халық. Сол дана халқымыздың ізгі қасиеттерінен алшақтап бара жатқанымызды ұқпаймыз-ау...?! Осы орайда «Тура биде туған жоқ» деген әділ халық екендігімізге өзіміз күмән туғызатынымыз анық. Бізде ашықтық жетіспей жатады. Қайсібір мемлект басшысы болмасын, «демократиялық қоғам жағдайында қылмыс пен сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес ерекше мәнге ие болатынын» әрдайым еске салып отырады. Осындай келеңсіз, жағымсыз құбылыстарды жою бағытындағы күрес әрбір жеке тұлғаның өзінен бастау алу керектігін ұғындырады емес пе? Жемқорлық жойылмайынша, қоғам алға жылжымайды. «Қазақстан Республикасында қылмысқа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресті күшейту және құқық қорғау қызметін одан әрі жетілдіру жөніндегі қосымша шаралар туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы қолданысқа енгізілген болатын. Бұл шара жемқорлыққа қарсы күресті нығайту мақсатында халық игілігіне жұмыс